

Кімге: _____

ЖШС/ЖК атауы

Мекен-жайы:

Кімнен:

Т.А.Ө. (Толық аты-жөні)

Мекен-жайы: _____

Тел: _____

Сотқа дейінгі талап

« ____ » _____ 202__ ж. маған _____, бағасы _____ тауар сатылды.

_____,
Тауардың, жұмыстың немесе қызметтің атауын көрсетіңіз

ҚҰНЫ _____

Магазиннің немесе орындаушының атауын көрсетіңіз, бағасын теңгемен көрсетіңіз

_____ теңге.

Сандармен және жазбаша түрде.

« ____ » _____ 202__ ж. мен келесі кемшіліктерді анықтадым: _____

Анықталған кемшіліктерді сипаттаңыз, шағымның қысқаша мәнін және оны растайтын дәлелдерді көрсетіңіз.

Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңының 7-бабына сәйкес (бұдан әрі – Заң) тұтынушылар тауар (жұмыс, қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (өндіруші, орындаушы) туралы ақпарат алуға; қауіпсіз тауар (жұмыс, қызмет) алуға; тауарды (жұмысты, қызметті) еркін таңдауға; тиісті сападағы тауарды (жұмысты, қызметті) алуға; тиісті және тиісті емес сападағы тауарды айырбастауға немесе қайтаруға; тауардың (жұмыстың, қызметтің) кемшіліктері салдарынан олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге; сатушыдан (өндірушіден, орындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжат немесе шарт алуға; моральдық зиянды өтеуге; құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға; осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Заңның 13-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауардың (жұмыстың, қызметтің) сапасына қойылатын міндетті талаптар көзделген жағдайда тұтынушы осы талаптарға сай тауарды (жұмысты, қызметті) алуға құқылы екені көрсетілген.

Заңның 15-бабының 1-тармағында сатушы тауардың кемшіліктерін айтпаған жағдайда, сапасыз тауар сатылған тұтынушы шартты бұзу және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы екені көзделген.

Залалдарды өтеу құқығы тұтынушының таңдап алған талабы қандай болса да, сақталады.

Сатушының (өндірушінің, орындаушының) әрекеттерімен менің тұтынушы ретіндегі құқықтарым бұзылды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, және аталған заң нормаларына сүйене отырып, мен сұраймын:

Талаптардың мәнін көрсетіңіз.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-2, 42-4-баптарына сәйкес күнтізбелік 10 күн ішінде жауап беруіңізді сұраймын.

Аты-жөні

қолы

күні

